

Өсімдіктер карантині және оларды қорғау, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 7 сәуірдегі № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 8 сәуірде № 38359 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған әкімшілік деректерді жинауға арналған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілер бойынша берілген нұсқамалар бойынша ай сайынғы есеп" нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша есеп" нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Өсімдіктер карантині саласындағы әкімшілік айыппұлдар бойынша есеп" нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілерге қарсы жүргізілген өңдеулер бойынша ақпарат" нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша апта сайынғы есеп" нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерді тексеру және "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзушыларға қолданылған шаралар бойынша жиынтық ақпарат" нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 7 сәуірдегі № 123
бұйрығына 1-қосымша
Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне (бұдан әрі – Комитет)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілер бойынша берілген нұсқамалар туралы ай сайынғы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № 1-ӨК-нысан

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20 _____ жылғы _____ дейін

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Комитеттің аумақтық инспекциялары.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін);

[illegible]

Жинау әдісі: электрондық түрде.

1-кесте. Карантиндік объектілер бойынша берілген нұсқамалар туралы ай сайынғы есеп 20_
ЖЫЛҒЫ (№ 1 - ӨК нысаны)

№	Облыстың атауы	Айдың атауы	берілген нұсқамалар саны				қабылданған шаралар				Ескертпе
			барлығы	орындалғаны	орындалуда	орындалмағаны	барлығы қозғалған әкімшілік істер	оның ішінде			
								сотпен қабылданған шешімдер саны	айыппұл сомасы, тг	сот шешімі күтілуде	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

1		қаңтар									
2		ақпан									
3		наурыз									
4		сәуір									
5		мамыр									
6		маусым									
7		шілде									
8		тамыз									
9		қыркүйек									
10		қазан									
11		қараша									
12		желтоқсан									
	Жиыны										

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі) электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескертпе: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілер бойынша берілген нұсқамалар туралы ай сайынғы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Өсімдіктер карантині
саласындағы карантиндік
объектілер бойынша берілген
нұсқамалар туралы ай сайынғы
есеп" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілер бойынша берілген нұсқамалар туралы ай сайынғы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: № 1-ӨК нысан, кезеңділігі ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілер бойынша берілген

нұсқамалар туралы ай сайынғы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Комитеттің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық инспекциялары толтырады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды:

Комитеттің аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық инспекциялары облыстардың аумақтық инспекцияларына ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі есепті кезең айының 3 күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін);

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық инспекциялары Комитетке ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі есепті кезең айының 3 күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін) ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Әкімшілік аумақтық объектілер сыныптауышы" 11 ҚР ҰК Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптауышына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында есепті кезеңнің атауы көрсетілген.

9. Нысанның 4-бағанында өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлерді оқшаулау және жою бойынша берілген нұсқамалардың жалпы саны көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында орындалған берілген нұсқамалардың жалпы саны көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында орындаудағы берілген нұсқамалардың жалпы саны, дана көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында орындалмаған нұсқамалардың жалпы саны көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бағанында қозғалған әкімшілік істердің жалпы саны көрсетіледі.

14. Нысанның 9-бағанында сот қабылдаған шешімдердің жалпы саны көрсетіледі.

15. Нысанның 10-бағанында салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы теңгемен көрсетіледі.

Ел	Жыл басынан бері бұзушы	Оның ішінде								
		фитосанитариялық	карантиндік объектілер	фитосанитариялық сертификаттың		қол жүгіне	қайталама тексеру	жол бойында басқа	фитосанитариялық	Тыйым салынған

	лықтар саны	сертификаттың болмауы	ер анықтау	сәйкес келмеуі	таңбалаудың болмауы	тыйым салу	үшін ұсынбау	мекенжайға жіберу	талаптарды бұзу	н өнімді әкелу
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны:										

кестеннің жалғасы

Қабылданған шаралар						Қайтарылған өнім саны				Нұсқама	
қайтару	жою	қайта өңдеу	айыппұл саны	сомасы, тг		тонн	текше метр	дана	орын	берілген саны	оның ішінде орындалғаны
				салынғаны	өндірілгені						
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

2-кесте. Елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді импорттау кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша 20 __жылдың ____ айына есебі (Есепті кезең (ай) үшін деректер)

Ел	Ағымдағы айдағы бұзушылықтар саны	Оның ішінде								
		фитосанитариялық сертификаттың болмауы	карантиндік объектілер анықтау	фитосанитариялық сертификаттың сәйкес келмеуі	таңбалаудың болмауы	қол жүгіне тыйым салу	қайталап карантин жетексеру үшін ұсынбау	жол бойында басқа мекенжайға жіберу	фитосанитариялық талаптарды бұзу	Тыйым салынған өнімді әкелу
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны:										

кестеннің жалғасы

Қабылданған шаралар						Қайтарылған өнім саны				Нұсқама	
қайтару	жою	қайта өңдеу	айыппұл саны	сомасы, тг		тонн	текше метр	дана	орын	берілген саны	оның ішінде орындалғаны
				салынғаны	өндірілгені						
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі) электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) электрондық цифрлық қолтаңбасы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді импорттау кезінде анықталған бұзушылықтар жөніндегі есеп" нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Елдер бөлінісінде өсімдіктер
карантині саласындағы
карантинге жатқызылған өнімді
импорттау кезінде анықталған
бұзушылықтар бойынша есеп"
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді импорттау кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша есеп" нысанын толтыру жөнінде түсіндірме (индексі: № 2-ӨК нысаны, кезеңділігі: ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді импорттау кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Комитеттің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы астанадағы аумақтық инспекциялары толтырады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам, аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды:

Комитеттің аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық инспекциялары облыстардың аумақтық инспекцияларына ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі есепті кезең айының 1 күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін);

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық инспекциялары Комитетке ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі есепті кезең айының 5 күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін) ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысанның 1-кестесінде елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді импорттау кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша есебінде жыл басынан бергі ақпарат көрсетіледі.

7. Нысанның 2-кестесінде есептік кезең үшін (ай) елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді импорттау кезінде анықталған бұзушылықтар жөніндегі есеп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

8. Нысанның 1-кестесінің 1-бағанында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2016 жылғы 18 қарашадағы № 290-од бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген НК РК ISO 3166-1-2016 – "Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" (бұдан әрі – Елдердің кодтары) Қазақстан Республикасының Ұлттық жіктеуішіне сәйкес карантинге жатқызылған өнімді импорттаушы елдің атауы көрсетіледі.

9. Нысанның 1-кестесінің 2-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде анықталған бұзушылықтардың жалпы саны көрсетіледі.

10. Нысанның 1-кестесінің 3-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде фитосанитариялық сертификаттың болмауы үшін бұзушылықтар саны көрсетіледі.

11. Нысанның 1-кестесінің 4-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде анықталған карантиндік объектілердің саны көрсетіледі.

12. Нысанның 1-кестесінің 5-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде фитосанитариялық сертификаттың сәйкес келмегені үшін жыл басынан бергі бұзушылықтар саны көрсетіледі.

13. Нысанның 1-кестесінің 6-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде таңбалаудың болмағаны үшін бұзушылықтар саны көрсетіледі.

14. Нысанның 1-кестесінің 7-бағанында өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде елдер бөлінісінде қол жүгіне тыйым салудағы бұзушылықтар саны көрсетіледі.

15. Нысанның 1-кестесінің 8-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде қайталама тексеруге ұсынбағаны үшін бұзушылықтар саны көрсетіледі.

16. Нысанның 1-кестесінің 9-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді қайта бағыттағаны үшін бұзушылықтар саны көрсетіледі.

17. Нысанның 1-кестесінің 10-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде фитосанитариялық талаптар бойынша бұзушылықтар саны көрсетіледі.

18. Нысанның 1-кестесінің 11-бағанында өсімдіктер карантині саласындағы тыйым салынған карантинге жатқызылған өнімді әкелгені үшін елдер бөлінісінде бұзушылықтар саны көрсетіледі.

19. Нысанның 1-кестесінің 12-бағанында елдер бөлінісінде қайтарылған карантинге жатқызылған өнім бойынша қабылданған шаралардың саны көрсетіледі.

20. Нысанның 1-кестесінің 13-бағанында елдер бөлінісінде жойылған карантинге жатқызылған өнім бойынша қабылданған шаралардың саны көрсетіледі.

21. Нысанның 1-кестесінің 14-бағанында елдер бөлінісінде қайта өңделген карантинге жатқызылған өнім бойынша қабылданған шараларының саны көрсетіледі.

22. Нысанның 1-кестесінің 15-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезіндегі әкімшілік айыппұлдардың саны көрсетіледі.

23. Нысанның 1-кестесінің 16-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы теңгемен көрсетіледі.

24. Нысанның 1-кестесінің 17-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде өндіріп алынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы теңгемен көрсетіледі.

25. Нысанның 1-кестесінің 18-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы қайтарылған карантинге жатқызылған өнімнің саны тоннамен көрсетіледі.

26. Нысанның 1-кестесінің 19-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы қайтарылған карантинге жатқызылған өнімнің саны текше метрмен көрсетіледі.

27. Нысанның 1-кестесінің 20-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы қайтарылған карантинге жатқызылған өнімнің саны көрсетіледі.

28. Нысанның 1-кестесінің 21-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы, жергілікті жерлерде қайтарылған карантинге жатқызылған өнімнің саны көрсетіледі.

29. Нысанның 1-кестесінің 22-бағанында елдер бөлінісінде карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде берілген нұсқамалардың саны көрсетіледі.

30. Нысанның 1-кестесінің 23-бағанында елдер бөлінісінде карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде орындалған нұсқамалардың саны көрсетіледі.

31. Нысанның 2-кестесінің 1-бағанында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2016 жылғы 18 қарашадағы № 290-ө бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген НК РК ISO 3166-1-2016 "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Ел кодтары" Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптауышы талаптарына сәйкес елдің атауы көрсетіледі.

32. Нысанның 2-кестесінің 2-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезіндегі бұзушылықтар саны көрсетіледі.

33. Нысанның 2-кестесінің 3-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде фитосанитариялық сертификаттың болмауы үшін бұзушылықтар саны көрсетіледі.

34. Нысанның 2-кестесінің 4-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде анықталған карантиндік объектілердің саны көрсетіледі.

35. Нысанның 2-кестесінің 5-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің сәйкес келмеген фитосанитариялық сертификаттардың саны көрсетіледі.

36. Нысанның 2-кестесінің 6-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді таңбалаудың болмағаны үшін бұзушылықтар саны көрсетіледі.

37. Нысанның 2-кестесінің 7-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде қол жүгіне тыйымдағы бұзушылықтар саны көрсетіледі.

38. Нысанның 2-кестесінің 8-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді қайталама тексеруге ұсынбағаны үшін бұзушылықтар саны көрсетіледі.

39. Нысанның 2-кестесінің 9-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді жүру жолында қайта бағыттағаны үшін бұзушылықтар саны көрсетіледі.

40. Нысанның 2-кестесінің 10-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімді импорттау кезінде фитосанитариялық талаптар бойынша бұзушылықтар саны көрсетіледі.

41. Нысанның 2-кестесінің 11-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы тыйым салынған карантинге жатқызылған өнімді әкелгені үшін бұзушылықтар саны көрсетіледі.

42. Нысанның 2-кестесінің 12-бағанында елдер бөлінісінде қайтарылған карантинге жатқызылған өнім бойынша қабылданған шаралардың саны көрсетіледі.

43. Нысанның 2-кестесінің 13-бағанында елдер бөлінісінде жойылған карантинге жатқызылған өнім бойынша қабылданған шаралардың саны көрсетіледі.

44. Нысанның 2-кестесінің 14-бағанында елдер бөлінісінде қайта өңделген карантинге жатқызылған өнім бойынша қабылданған шаралардың саны көрсетіледі.

45. Нысанның 2-кестесінің 15-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезіндегі әкімшілік айыппұлдардың саны көрсетіледі.

46. Нысанның 2-кестесінің 16-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы теңгемен көрсетіледі.

47. Нысанның 2-кестесінің 17-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде өндіріп алынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы теңгемен көрсетіледі.

48. Нысанның 2-кестесінің 18-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы қайтарылған карантинге жатқызылған өнімнің саны, тоннамен көрсетіледі.

49. Нысанның 2-кестесінің 19-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы елдер бөлінісінде қайтарылған карантинге жатқызылған өнімнің саны текше метрмен көрсетіледі.

50. Нысанның 2-кестесінің 20-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы қайтарылған карантинге жатқызылған өнімнің саны данамен көрсетіледі.

51. Нысанның 2-кестесінің 21-бағанында елдер бөлінісінде өсімдіктер карантині саласындағы Елдердің кодтары бойынша қайтарылған жергілікті жерлердегі карантинге жатқызылған өнімнің саны көрсетіледі.

52. Нысанның 2-кестесінің 22-бағанында елдер бөлінісінде карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде берілген нұсқамалардың саны көрсетіледі.

53. Нысанның 2-кестесінің 23-бағанында елдер бөлінісінде карантинге жатқызылған өнімнің импорты кезінде орындалған нұсқамалардың саны көрсетіледі.

54. Нысанды толтыру кезінде жолдар арасында мынадай бақылау қатынастары сақталуы қажет:

1) Нысанның 1-кестесінің 2-бағаны 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-бағандардың қосындысына тең;

2) Нысанның 2-кестесінің 2-бағаны бағандардың қосындысына тең 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-бағандардың қосындысына тең;

3) Нысанның 1-кестесінің 17-бағаны 16-бағанның сомасына тең немесе одан кем;

4) Нысанның 2-кестесінің 17-бағаны 16-бағанның сомасына тең немесе одан кем;

5) Нысанның 1-кестесінің 23-бағаны 22-бағанның сомасына тең немесе одан кем;

6) Нысанның 2-кестесінің 23-бағаны 22-бағанның сомасына тең немесе одан кем.

негізде жинауға арналған нысан

M.O.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктер карантині саласындағы әкімшілік айыппұлдар туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Өсімдіктер карантині
саласындағы әкімшілік
айыппұлдар туралы есеп"
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктер карантині саласындағы әкімшілік айыппұлдар туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – № 3-ӨК нысаны, кезеңділігі: ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктер карантині саласындағы әкімшілік айыппұлдар бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру туралы бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Комитеттің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық инспекциялары толтырады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам, аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды:

Комитеттің аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық инспекциялары облыстардың аумақтық инспекцияларына ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін);

облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық инспекциялар Комитетке ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін) ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан есептік кезеңдегі (ай) өсімдіктер карантині саласындағы әкімшілік айыппұлдар бойынша ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. Нысанның 2-бағанында "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Әкімшілік аумақтық объектілер сыныптауышы" 11 ҚР ҰК Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптауышына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы көрсетіледі.

Жинау әдісі: электрондық түрде.

1-кесте. 20 __ жылғы " __ " _____ жай-күй бойынша өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілерге қарсы жүргізілген өңдеулер бойынша ақпарат (Есепті кезеңдегі деректер (күнделікті))

		Көрсеткіш	Сандық мәні
1	2	3	4
1	Барлық карантиндік объектілер бойынша деректер	Химиялық өңдеу жоспары, гектар	
2		Зерттеп-қаралғаны, гектар	
3		Залалданғаны, гектар	
4		Өңделуге тиіс, гектар	
5		Барлық өңделгені, гектар	
6		Нұсқамалар саны	
7		Ұсынымдар саны	
8		Сотқа жолданғандары	
9		Әкімшілік айыппұлдар саны	
10		Салынған айыппұл сомасы, теңге	
11	Республикалық бюджет есебінен өңделгені	Карантиндік арамшөптердің атаулары, гектар	
12		Барлық карантиндік арамшөптер:	
13		Карантиндік аурулардың атаулары, гектар	
14		Барлық карантиндік аурулар:	
15		Карантиндік зиянкестердің атаулары, гектар	
16		Барлық карантиндік зиянкестер:	
17		Барлығы республикалық бюджет есебінен:	
18	Нұсқамалар есебінен өңделгені	Карантиндік арамшөптердің атаулары, гектар	
19		Барлық карантиндік арамшөптер:	
20		Карантиндік зиянкестердің атаулары, гектар	
21		Барлық карантиндік зиянкестер:	

22		Карантиндік зиянкестердің атаулары, гектар	
23		Барлық карантиндік аурулар:	
24		Нұсқамалар есебінен барлығы:	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі) электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) электрондық цифрлық қолтаңбасы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілерге қарсы жүргізілген өңдеулер туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Өсімдіктер карантині
саласындағы карантиндік
объектілерге қарсы жүргізілген
өңдеулер бойынша ақпарат"
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілерге қарсы жүргізілген өңдеулер бойынша ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: № 4-ӨК нысаны, кезеңділігі: күнделікті)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктер карантині саласындағы карантиндік объектілерге қарсы жүргізілген өңдеулер бойынша ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөнінде бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Комитеттің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық инспекциялары толтырады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам, аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды:

Комитеттің аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық инспекциялары облыстардағы аумақтық инспекцияларға күнделікті, есепті күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей (жедел маусымда);

облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық инспекциялар Комитетке күнделікті, есепті күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей (жедел маусымда) ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 1-жолында есептік кезеңде өсімдіктер карантині саласындағы химиялық өңдеу жоспары көрсетіледі.

7. Нысанның 2-жолында есептік кезеңде өсімдіктер карантині саласында іс жүзінде зерттеп-қаралған учаскелердің алаңы (гектар) көрсетіледі.

8. Нысанның 3-жолында есептік кезеңде өсімдіктер карантині саласында карантиндік объектілермен залалданған аумақтың алаңы көрсетіледі (гектар).

9. Нысанның 4-жолында өсімдіктер карантині саласында карантиндік объектілерге қарсы өңдеуге жататын учаскелердің алаңы көрсетіледі (гектар).

10. Нысанның 5-жолында өсімдіктер карантині саласында карантиндік объектілерге қарсы нақты өңделген аумақтың алаңы көрсетіледі (гектар).

11. Нысанның 6-жолында өсімдіктер карантині саласында карантиндік объектілерге қарсы берілген нұсқамалардың саны көрсетіледі.

12. Нысанның 7-жолында өсімдіктер карантині саласында карантиндік объектілерге қарсы берілген ұсынымдардың саны көрсетіледі.

13. Нысанның 8-жолында сотқа жолданған әкімшілік істердің саны көрсетіледі.

14. Нысанның 9-жолында карантиндік объектілерді оқшаулау және жою кезінде салынған әкімшілік айыппұлдардың саны көрсетіледі.

15. Нысанның 10-жолында өсімдіктер карантині саласында карантиндік объектілерге қарсы салынған айыппұл сомасы теңгемен көрсетіледі.

16. Нысанның 11-жолында карантиндік арамшөптердің атауы бөлінісінде республикалық бюджет есебінен өңделетін алаң көрсетіледі (гектар).

17. Нысанның 12-жолында барлық карантиндік арамшөптер бойынша республикалық бюджет есебінен өңделетін алаңдардың жиынтық сомасы көрсетіледі (гектар).

18. Нысанның 13-жолында карантиндік аурулардың атауы бөлінісінде республикалық бюджет есебінен өңделетін алаң көрсетіледі (гектар).

19. Нысанның 14-жолында барлық карантиндік аурулар бойынша республикалық бюджет есебінен өңделетін алаңдардың жиынтық сомасы көрсетіледі (гектар).

20. Нысанның 15-жолында карантиндік зиянкестердің атауы бөлінісінде республикалық бюджет есебінен өңделетін алаң көрсетіледі (гектар).

21. Нысанның 16-жолында барлық карантиндік зиянкестер бойынша республикалық бюджет есебінен өңделетін алаңдардың жиынтық сомасы көрсетіледі (гектар).

22. Нысанның 17-жолында республикалық бюджет есебінен барлық карантиндік объектілер (арамшөптер, аурулар және зиянкестер) бойынша жүргізілген өңдеу алаңдарының жиынтық сомасы көрсетіледі (гектар).

23. Нысанның 18-жолында карантиндік арамшөптердің атауы бөлінісінде нұсқамалар есебінен өңделетін алаң көрсетіледі (гектар).

24. Нысанның 19-жолында барлық карантиндік арамшөптер бойынша нұсқамалар есебінен өңделетін алаңдардың жиынтық сомасы көрсетіледі (гектар).

25. Нысанның 20-жолында карантиндік зиянкестердің атауы бөлінісінде нұсқамалар есебінен өңделетін алаң көрсетіледі (гектар).

26. Нысанның 21-жолында барлық карантиндік зиянкестер бойынша нұсқамалар есебінен өңделетін алаңдардың жиынтық сомасы көрсетіледі (гектар).

27. Нысанның 22-жолында карантиндік аурулардың атауы бөлінісінде нұсқамалар есебінен өңделетін алаң көрсетіледі (гектар).

28. Нысанның 23-жолында барлық карантиндік аурулар бойынша нұсқамалар есебінен өңделетін алаңдардың жиынтық сомасы көрсетіледі (гектар).

29. 24-жолда нұсқамалар есебінен барлық карантиндік объектілер (арамшөптер, аурулар және зиянкестер) бойынша жүргізілген өңдеу алаңдарының жиынтық сомасы көрсетіледі (гектар).

30. 4-бағанада 3-бағанадағы көрсеткіштің сандық мәні көрсетіледі.

31. Нысанды толтырған кезде жолдар арасында мынадай бақылау қатынастары сақталуы қажет:

- 1) Нысанның 5-жолы 17, 24-жолдардың қосындысына тең болуы тиіс;
- 2) Нысанның 12-жолы 11-жолдың қосындысына тең болуы тиіс;
- 3) Нысанның 14-жолы 13-жолдың қосындысына тең болуы тиіс;
- 4) Нысанның 16-жолы 15-жолдың қосындысына тең болуы тиіс;
- 5) Нысанның 17-жолы 12, 14, 16-жолдардың қосындысына тең болуы тиіс;
- 6) Нысанның 19-жолы 18-жолдың қосындысына тең болуы тиіс;
- 7) Нысанның 21-жолы 20-жолдың қосындысына тең болуы тиіс;
- 8) Нысанның 23-жолы 22-жолдың қосындысына тең болуы тиіс;
- 9) Нысанның 24-жолы 19, 21, 23-жолдардың қосындысына тең болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 7 сәуірдегі № 123
бұйрығына 5-қосымша
Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне (бұдан әрі – Комитет)

Кестенің жалғасы

Сал ынға н айы ппұл дар саны , дана	Оның ішінде баптар бойынша, дана								Сал ынға н айы ппұл дар дың сома сы, мың тг	Оның ішінде баптар бойынша, мың тг							
	297	377	403 (1)	403 (2)	403 (3)	403 (4)	403 (5)	415 (1)		297	377	403 (1)	403 (2)	403 (3)	403 (4)	403 (5)	415 (1)
12									13								

кестеннің жалғасы

Өнд ірілг ен айы ппұл дар сан ы, дана	Оның ішінде баптар бойынша, дана								Өнд ірілг ен айы ппұл дар дың сом асы, мың тг	Оның ішінде баптар бойынша, мың тг								Еске ртпе
	297	377	403 (1)	403 (2)	403 (3)	403 (4)	403 (5)	415 (1)		297	377	403 (1)	403 (2)	403 (3)	403 (4)	403 (5)	415 (1)	
14									15									16

Ескертпе: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша апта сайынғы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Өсімдіктерді қорғау
саласындағы заңнаманың
сақталуы бойынша апталық
есеп" нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша апталық есеп" нысанын толтыруға арналған түсіндірме (индекс: № 5-ӨҚ нысаны, кезеңділігі: апталық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша апталық есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру туралы бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Комитеттің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық инспекциялары толтырады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы тұлға аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды:

Комитеттің аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық инспекциялары облыстардың аумақтық инспекцияларына апта сайын, есепті аптадан кейінгі аптаның екінші жұмыс күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін);

облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық инспекциялар Комитетке апта сайын, есепті аптадан кейінгі аптаның үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін) ұсынады.

5. Нысан қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 1-бағанында реті бойынша нөмірленуі көрсетіледі;

7. Нысанның 2-бағанында "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Әкімшілік аумақтық объектілер сыныптауышы" 11 ҚР ҰК Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптауышына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай өткізілетін профилактикалық бақылаумен қамтылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) саны көрсетіледі;

9. Нысанның 4-бағанында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы берілген ұсынымдардың саны көрсетіледі;

10. Нысанның 5-бағанында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалмаған ұсынымдардың саны көрсетіледі;

11. Форманың 1-кестесінің 6-бағанында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы өткізілген профилактикалық бақылау саны көрсетіледі;

11. Нысанның 6-бағанында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық тексерулердің саны көрсетіледі;

12. Нысанның 7-бағанында жоспардан тыс тексерулер саны көрсетіледі;

13. Нысанның 8-бағанында тергеу саны көрсетіледі;

10. Нысанның 9-бағанында жазылған нұсқамалардың саны көрсетіледі;

11. Нысанның 10-бағанында орындалған нұсқамалардың саны көрсетіледі;

12. Нысанның 11-бағанында орындалмаған нұсқамалардың саны көрсетіледі;

ЖИЫНТЫҚ АҚПАРАТ / СВОДНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

о проверках субъектов в области племенного животноводства и принятых мерах к нарушителям Закона Республики Казахстан "О племенном животноводстве"

(форма № ПЖ-1)

___. __. 20__ жыл / год

№	Облыс / Область	Тексеріс пен бақылау саны және түрлері / Число и виды проверок и контроля					Республикалық палаталармен бірлесіп тексеруге қатысу / участие в обследовании и хозяйств с Республиканским и палатами	Ақпараттық-талдау жүйесі базасына мониторинг / мониторинг базы информации аналитической системы (ИАС) (табылған қателіктер саны / всего выявленных ошибок)	Жеке және заңды тұлғаларға қолданылған шаралар / Меры принятые к физическим и юридическим лицам				
		барлығы / всего	жоспардан тыс / вне-плановые	профилактикалық бақылау / профилактический контроль		Жеке және заңды тұлғалардан алынған хабарлама саны / рассмотрено уведомлений и физических и юридических лиц			Берілген ұсынымдар, анықтамалар және қорытындылар / выданы рекомендаций, справок и заключений			салынған айыппұлдар / наложено штрафов	
				барып / с посещением	бармай / без посещения				барлығы / всего	орындалған / исполнено	%	барлығы / всего	сомасы , теңге / сумма , тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1													
Жиыны / Итого:													

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

(аты-жөні) электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

_____ (аты-жөні) электрондық цифрлық қолтаңбасы

М.О.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерді тексеру және "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзушыларға қолданылған шаралар туралы жиынтық ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Асыл тұқымды мал
шаруашылығы саласындағы
субъектілерді тексеру және
"Асыл тұқымды мал
шаруашылығы туралы"
Қазақстан Республикасының
Заңын бұзушыларға
қолданылған шаралар бойынша
жиынтық ақпарат" нысанына
1-қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерді тексеру және "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзушыларға қолданылған шаралар бойынша жиынтық ақпарат" нысанын толтыру туралы түсіндірме (индекс: № АТ-1 нысан, кезеңділігі: ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерді тексеру және "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзушыларға қолданылған шаралар бойынша жиынтық ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Комитеттің аумақтық инспекциялары толтырады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы тұлға аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды:

Комитеттің облыстардағы аумақтық инспекциялары ай сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей (күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін) ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 1-бағанында реттік сан бойынша нөмірленуі көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Әкімшілік аумақтық объектілер сыныптауышы" 11 ҚР ҰК Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптауышына сәйкес тексеру жүргізілген облыс көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында жүргізілген тексерулердің жалпы саны көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында бекітілген жоспарға кірмеген тексерулер саны көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында барып (тексеру орнына барып) жүргізілген профилактикалық тексерулер саны көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында бармай (қашықтан немесе құжаттық тексеру) жүргізілген профилактикалық тексерулер саны көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен хабарламалардың қаралған жалпы саны көрсетіледі — Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламалар саны.

13. Нысанның 8-бағанында республикалық палаталармен бірлесіп өткізілген тексерулердің жалпы саны көрсетіледі.

14. Нысанның 9-бағанында ақпараттық-талдау жүйесін қолдану арқылы мониторинг кезінде анықталған қателіктердің (бұзушылықтардың) жалпы саны көрсетіледі.

15. Нысанның 10-бағанында берілген ұсынымдар, анықтамалар және қорытындылар саны көрсетіледі.

16. Нысанның 11-бағанында толық көлемде орындалған шаралар саны көрсетіледі.

17. Нысанның 12-бағанында шаралардың орындалу проценті көрсетіледі (есептеу формуласы: орындалғаны ÷ барлығы × 100).

18. Нысанның 13-бағанында салынған айыппұлдар саны көрсетіледі.

19. Нысанның 14-бағанында салынған айыппұлдардың жалпы сомасы көрсетіледі, теңге.

20. Нысанды толтырған кезде жолдар арасында мынадай бақылау қатынастары сақталу қажет:

1) Нысанның 3-бағаны 4, 5 және 6-бағандар қосындысына тең.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Асыл тұқымды мал
шаруашылығы саласындағы
субъектілерді тексеру және
"Асыл тұқымды мал
шаруашылығы туралы"
Қазақстан Республикасының
Заңын бұзушыларға

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің _____ облысы бойынша аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі / Государственное учреждение " _____ областная территориальная инспекция Комитета государственной инспекции а агропромышленном комплексе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан"

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласы бойынша бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізуді тіркеу ЖУРНАЛЫ / ЖУРНАЛ регистрации проведения профилактического контроля субъектов (объектов) контроля в области племенного животноводства

_____ 20__ ж/г

Р/с	Шығыс құжаттың № / Исходящий № документа	Тіркелген күні / Дата регистрации	Шаруашылық атауы / Название хозяйства	БСН / БИН	Мекенжайы / Адрес	Тұқымы / Порода	Жауап алынған күні / Дата получения ответа
1	2	3	4	5	6	7	8

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған
"Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерді тексеру және "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзушыларға қолданылған шаралар бойынша жиынтық ақпарат" нысанына
3-қосымша

Журналды толтыру бойынша түсіндірме

1. Журналдың атауында аумақтық инспекция, ол орналасқан облыс көрсетіледі. Мысалы: "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Әкімшілік аумақтық объектілер сыныптауышы" 11 ҚР ҰК Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптауышына сәйкес "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облысы бойынша аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

2. "Облыс 20__ ж" форматында ағымдағы жыл көрсетіледі.
 3. Журналдың 1-бағанында жазбаның реттік нөмірі көрсетіледі (1-ден бастап).
 4. Журналдың 2-бағанында тексеруге байланысты шығыс құжатының нөмірі көрсетіледі.
 5. Журналдың 3-бағанында КК.АА.ЖЖЖЖ форматында құжатты тіркеу күні көрсетіледі.
 6. Журналдың 4-бағанында тексерілетін субъектінің (шаруашылықтың) толық атауы көрсетілді.
 7. Журналдың 5-бағанында субъектінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетіледі.
 8. Журналдың 6-бағанында шаруашылықтың заңды немесе нақты мекенжайы көрсетіледі.
 9. Журналдың 7-бағанында егер тексеріс асыл тұқымды мал шаруашылығы есебіне қатысты болса, ауыл шаруашылығы малының тұқымы көрсетіледі.
 10. Журналдың 8-бағанында субъектіден жауап келген күн көрсетіледі (жауап келмесе бос қалдырылады).
 11. Қосымша нұсқамалар
 - Түзетулер жасауға жол берілмейді, қате болған жағдайда жаңа жолға дұрыс деректерді қайта толтырыңыз.
 - Журнал нөмірленеді, тігіледі және инспекция басшысының қолымен және мөрімен бекітіледі.
 - Журнал заңнамада бекітілген мерзімде сақталынады (әдетте 5 жылдан кем емес).
- Қосымша:
- Бұл түсіндірмелерді журналды жүргізуге жауапты қызметкерлер орындауға міндетті.